



Бекітемін

«Ногайты» бөбекжай – балабақшасының  
менгерушісі: Г.Т. Кузенбасова.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және мектепке  
дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде  
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

**2021-2022жж**

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2022 - 2023 оқу жылына арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы (балабақша) «Ноғайты» бөбекжай-балабақшасы

Топ: «Болашақ» кіші

Балалардың жасы 2 жастан бастап

Жоспардың құрылу кезеңі (айды, жылды көрсету) Қыркүйек айы 2022 ж

Белгіленген:  
10.09.2022 ж  
*Батыл*

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Музыка Аптасына 1 сағ Айына 4 сағат	-Музыканы тыңдауға және ән айтуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. -Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру -Музыка тыңдауға, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып ән айту. -Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету.
Қазан	Музыка Аптасына 1 сағ Айына 4 сағат	-Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау. -Қарапайым би қимылдарын орындау:шапалақтау, аяқты тарсылдату,денені оңға, солға бұру, басты оңға, солға ию. -Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен,сылдырмақ) дыбыстарымен таныстыру.
Қараша	Музыка Аптасына 1 сағ Айына 4 сағат	-Әр түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді тани білу. -Әнді топпен айтуға баулу. -Музыкалық шығармалардың сипатын (баяу және көңілді әндер)ажырата білу. - Әнді ересектермен қосылып айту. -Қарапайым би қимылдарын орындау:жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау,айналу.

Желтоқсан	Музыка Аптасына 1 сағ Айына 4 сағат	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Музыкаға деген қызығушылық ояту.</li> <li>- Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету. (қанатын жайып ұшқан құстар)</li> <li>-Музыканы тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу.</li> <li>-Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау, аяқты тарсылдату, денені оңға, солға бұру.</li> </ul>
Қаңтар	Музыка Аптасына 1 сағ Айына 4 сағат	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну, қоныраулардың жоғары және төмен дыбысталуын ажырата білу;</li> <li>-Барабан аспабын қарапайым ырғақ соғуда қолдану;</li> <li>-Ән айтуда әуенді интонациямен және ырғақты дұрыс жеткізу;</li> <li>-Өртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын музыка ырғағымен ойындарда көрсетуге дағдылану (қанатын жайып ұшқан құстар, секірген қояндар, қорбаңдаған қонжықтар).</li> </ul>
Ақпан	Музыка Аптасына 1 сағ Айына 4 сағат	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Музыка тыңдауда фортепиано аспабының дыбысталуын ажырата білу;</li> <li>-Сырнай аспабымен және дыбысталуымен танысу, аспаптың үнін тану;</li> <li>-Ән айтуда ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып орындауға ынталандыру;</li> <li>-Музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы қарапайым ойындар мен әндерді сахналау.</li> </ul>
Наурыз	Музыка Аптасына 1 сағ Айына 4 сағат	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Музыка тыңдауда өртүрлі музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру;</li> <li>-Қазақ халқының ұлттық аспабы асапаяқтың дыбысталуымен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану;</li> <li>-Ән айтуда әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру;</li> <li>-Музыкалық-ырғақты қимылдарды аспаптармен (бубенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.</li> </ul>

Сәуір	Музыка Аптасына 1 сағ Айына 4 сағат	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Музыка тыңдауда кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша тану және музыканы есте сақтау;</li> <li>-Таныс аспаптарды ойын әрекетінде қолдану;</li> <li>-Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту;</li> <li>-Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту.</li> </ul>
Мамыр	Музыка Аптасына 1 сағ Айына 4 сағат	<ul style="list-style-type: none"> <li>-Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тани білу;</li> <li>-Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау (сылдырмақ, барабан, бубен, асатаяқ, сырнай);</li> <li>-Ән айтуда әннің сөзін, сөз тіркестерін ересекпен бірге орындап, интонациясын еліктеу орындау, аспапқа бейімделуін бекіту;</li> <li>-Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере білу.</li> </ul>
<b>Нормативтік жүктеме</b>		<b>Барлығы 36 сағат</b>

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка Қыркүйек айы.**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>		«Бала, бала, балапан» әні
<b>Күні:</b> 06.09.2022ж – 13.09.2022ж		2 сағат
<b>ТОО</b>	<b>Кімш топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	Музыканы тыңдауға және ән айтуға деген қызығушылықтарын қалыптастыру. Музыканың сүйемелдеуімен топпен және шеңбер бойынша қол ұстасып жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру.	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүгіруді, серіппелі қозғалыс жасау, айналуды ұсынады.	<b>Суреттер:</b> ит, жылан, мысық, бұзау, лақ <b>Айна</b>
<b>II. Ұйымдастыру</b>	<b>Тыныс алуға арналған ойын</b> <b>Шарты:</b> Ән айтар алдындағы тыныс алу. Балалар музыка жетекшісінің көрсеткен суретіне қарап дыбыс шығарады. <b>Ит- ыр-р-р-р-р (ышпегі дем біткенше)</b> <b>Жылан- ис-с-с-с-с-с-с-с</b> <b>Мысық- ми-ху-у-у-у-у-у-у</b> <b>Бұзау- мө-ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө-ө</b> <b>Лақ- ма-ә-ә-ә-ә-ә-ә-ә-ә-ә</b>	
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Музыка тыңдау және ән айту:</b> «Бала, бала балапан» әні. Toғдай-TV. Балалар музыканы тыңдап, әуенге сай қимылдар жасайды. Эмоциялық көңіл күйлерін, қызығушылықтарын аяту. <b>ЕО «Күн сәулесі»</b> Педагог айна көмегімен қабырғана күн сәулесін түсіреді де: <b>Елбең-елбең елбеңдел,</b> <b>Ойнайды сәулә құбылып.</b> <b>Ындасаң болды кел деп</b> <b>Жетеді демде жүгіріп.</b> «Сәулелі ұстаңдар» деген нұсқау бойынша балалар күн сәулесін ұстауға талтынады.	
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады.	




*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*  
**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**  
**Қыркүйек айы.**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	«Үй жануарлары» әні	
<b>Күні:</b> 20.09.2022ж – 27.09.2022ж	2 сағат	
<b>ТОП</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	Музыка тыңдауға, сөздердің созылыңқы дыбысталуына еліктей отырып ән айту. Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын ойындарда көрсету.	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Музыка запына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. <b>Ойын-жаттығу:</b> «Көңіл күйіңмен бөліс». Балалар, көңіл күйіміз жақсы болғанда, не істейміз? Менің көңіл күйім бүгін ата-тамаша болып тұр. Осы көңіл күйімен сендермен бөліскім келіп атыр. Шәңбер бойымен бір-бірімізге жақсы көңіл күйімізді жымия арқылы береміз (музыка жетекшісі жанындағы тұрған балаға жымияны қарайды, ал ол бала келесі жанындағы тұрған балаға жымияны қарайды, солай жалғаса береді).	Теледидар
<b>II. Ұйымдастыру</b>		
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Ойын:</b> «Жануарлардың дауысын сал». Жануарлардың дауысын ұқсастырып, бір деммен айтуларын тапсырады. Бұзау қалай дыбыстайды? Қозы қалай дыбыстайды? Күшік қалай дыбыстайды? Бота қалай дыбыстайды? Құлын қалай дыбыстайды? Марғау қалай дыбыстайды? <b>Музыка тыңдау және ән айту:</b> «Үй жануарлары» (Әли мен Айя) Вағаран TV Балалар музыканы тыңдап, әуенге сай қимылдар жасайды. Эмоционалдық көңіл күйлерін, қызығушылықтарын аяту. «Талдердің анасын тап» ойыны (Муз-дидактикалық ойындар жинағынан). Үй жануарларының қимыл-қозғалысын, дыбыстауын көрсету. Суретке қарап, «Бұл не?» деген сұраққа жауап беріп, текшедегі талдің суретін енесінің суретінің қасына тауып қою. Мысалы: Қара көзі мөлірлеп, Жібек жүзі үлбіреп, Анасын іздеп келеді. Бұл не? Дұрыс жауап берген бала әуенге ізесе талдың қимылын салып береді.	
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка Қазан айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	«Сұр қоян» биі	
<b>Күні:</b> 04.10.2022ж – 11.10.2022ж	2 сағат	
<b>ТОП</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдау. Қарапайым би қимылдарын орындау. шаталақтау, аяқты тарсыздату, денеңі оңға, солға бұру, басты оңға, солға шо	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Музыка залына көңілді музыка әуенімен қарсы алу. Жылудық шеңбер: «Жұмсақ көжесек»	Ойыншық қоян
<b>II. Ұйымдастыру</b>	Жұмсақ ойыншық қоянды алып, оны сипап сезу арқылы жылы сөздер айту.	
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p>Т.Бердияровтың «Сұр қоян» әуеніне сай жетекшінің көмегімен қарапайым би қимылдарын жасау.</p> <p>Ұзын құлақ сұр қоян, Естіп қалып сөзбидің. Ойлы-қырлы жерлермен, Ытырып-ытырып жүгірді. Қарап еді артына, Қылығы сап кезінің, Келе жатқан тампаңдап, Көжесі екен өзінің.</p> <p>Музыкалық –қимылды ойын: «Жаңбыр мен көжесектер» Шарты: Балалар көжесек кейінде ортада көңілді әуенге секіріп билап жүреді күн күркіреп жаңбыр жауған дауыс естілген сәтте жетекші қоян кейіпне еніп көжесектерін өзіне шақырады. Ойын бірнеше рет қайталанмады.</p> <p>Ойын: «Көлеңке» Көлбең, көлбең, көлеңкем, Көлбеңдеген көлеңкем, Қоян қалай жүреді, Кім көрсете біледі?</p>	
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**  
**Қазан айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	Сылдырмақ, бубен, барабан	
<b>Күні:</b> 18.10.2022ж – 01.11.2022ж	2 сағат	
<b>ТОП</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	Балаларды кейбір музыкалық аспаптардың (барабан, бубен, сылдырмақ) дыбыстарымен таныстыру.	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Үнтаспада көңілді әуен аймалы музыка жетекшісі балаларды есік арқынан күтіп алады. «Кәне, кәне, тұрайық, Шеңбер жасап құрайық!» - деп шеңбер бойымен тұруға дағдыландырады.	
<b>II. Ұйымдастыру</b>	Әшекейленген қарапталы сылдырмақтарды көрсетіп, балаларға ұсынады. Өз беттерімен еркін қимылдап, сылдырлатуға ерік береді, қадалайды, мақтайды. «Сылдырмақты сылдырлат, Алаңды нықтап бас!» - деп, балаларды нық басып жүруге үйретеді.	
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	Сылдырмақ, бубен, барабан аспабымен балаларды таныстырады. Аспаптардың дауысын тыңдатып ажыратуға көмектеседі. «Сылдырмақ, бубен, барабан» ойыны. Шарты: Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді. Бубеннің дауысы естілгенде қол шапалақтайды. Барабан үні естілгенде аяқпен тоғылдатады. Ойын бірнеше рет қайталану арқылы аспап үндері балалардың есінде сақталады. «Барабан не дейді?» ойыны Шарты: Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Жетекші барабан аспабында ойнайды. Марш екпіні айналғанда балалар марш жасап әрі-бері жүре бастайды, өте шапшаң жеңіл ырғақ соғыла басталғанда балалар жеңіл жүзеді, бір рет қатты соғылғанда қатып қалады. Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?» деген сұрақ қайылып тұрады.	 
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Бағалау «Үш шапалақ» әдісі	




**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**

**Қараша айы.**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	<i>«Жаңбыр жауды себелеп»</i>	
<b>Күні:</b> 08.11.2022ж – 15.11.2022ж	2 сағат	
<b>ТОП</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	Әр түрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді тыңдау, бұл әуендерді таны білу. Әнді топпен айтуға бағу.	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Музыка талымда музыкалық дыбыс шығарады. Үйренген қимылдарды таныс әуенге ілесіп орындайды. <i>Күн болып жайнайық, Жаңбыр болып жауайық, Гүл болып жайнайық, Жүгіріп- жүгіріп алайық.</i>	<i>Жаңбырдың суреті. ҰД-ке қажетті әуендер.</i>
<b>II. Ұйымдастыру</b>		
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	Музыка жетекшісі жаңбырдың суретін көрсетеді. Балаларға «Жаңбыр» сөзін қайталайды. <i>Жаңбыр қалай жауады? Тырс-тырс-тырс. «Жаңбыр» (музыкасы Д.Батбаев, сөзі: И.Сапарбай)</i> Музыка жетекшісі әнді орындайды. Ән қайта орындалғанда әннің мәтіміне сәйкес балалардың қосылып жасауын талап етеді. <i>«Қақпен тырс-тырс жауасың»</i> деген жерде алақандарын жайып, екінші қолмен жауған жаңбырды бейнелейді. <i>«Біз ойнайтын ауланың, Талартасын ауасын»,-</i> дегенде қолдарын жоғары көтереді. <i>-Жаңбыр жауғанда үстіміз су болады, сондықтан біз қолшатырдың астына тығылуымыз қажет.</i> <b>«Жаңбыр мен күн» ойыны</b> Жеңіл музыка ойналып, музыка ауысып, күн күркіреп, жауын жауғанда қолшатырға тығылады.	
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды.	


**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка Қараша айы.**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	<b>Күзгі бақ</b>	
<b>Күні:</b> 22.11.2022ж – 29.11.2022ж	<b>2 сағат</b>	
<b>ТОП:</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	Музыкалық шығармалардың сипатын (бақ және киңілігі әндер) ажырата білу. Әнді ересектермен қосылып айту. Қарапайым би қимылдарын орындау, жүрелеп отыру, аяқтарын қозғау, айналу.	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Музыка жетекшісі балалармен сәлемдеседі. Шеңбер бойына шақырады. «Жүгіреміз, жүреміз» әуенді қимылымен жүруге шақырады. Балаларды отырғыстып, дайындалған мүлкіждарды көрсетеді, ұстатады, қандай жеміс өкінін сұрайды.	жемістер мен көкөністердің беттердесі
<b>II. Ұйымдастыру</b>	«Жемістерді тереміз, Көкөністі жинаймыз. Алақай – ау, алақай, Күзгі бақта ойнаймыз», - деп әдісте балаларды қыстыртырады.	
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	Музыка жетекшісі «Жемістер мен көкөністер» әнін орындап береді. Жетекші мүлкіждарды кезек-кезек көрсетіп: «Алма – ля-ля-ля, Алырт – ля-ля-ля, Қыяр – ля-ля-ля, Сәбіз – ля-ля-ля - деп айтырылып үйретеді. «Жемістер мен көкөністер» әнін ересектермен айта жүріп, қимылдауға үйретеді. Мысалы: «Отырып себетке саламыз, жинаймыз, саусақтармен би билеп, айналамыз» деп, әнінің мәтініне қарай қимылдар жасап көрсетеді. «Жемістер мен көкөністер» ойыны <b>Шарты:</b> Музыка әуенінің ауысымына қарай жемістер мен көкөністердің беттердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Музыка әуені тоқтағанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.	
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды.	




**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**

**Желтоқсан айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	«Күс боламыз» музыкалық –ырларты қозғалыс ойыны.	
<b>Күні:</b> 06.12.2022ж – 13.12.2022ж	2 сағат	
<b>ТОП:</b>	Кіші топ	
<b>Міндеттері</b>	Музыкаға деген қызығушылық ояту. Әртүрлі кейіпкерлердің қымылдарын ойындарда көрсету. (қанатын жайып ұшыған құстар)	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b> <b>II. Ұйымдастыру</b>	Саз бөлмесінде балаларды көңілді музыка әуенімен қарсы алу. Ғажайып сәт: Үйтаспадан құстардың дауысы. «Сұрақ –жауап» әдісі. -Қарға қарқылдайды – қарқ-қарқ. -Торғай шырылдайды – шыр-шыр	Қарға, торғай бетперделері.
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	«Құстар қалай ұшады?» ойыны Балалар құстардың дауысын келтіріп, қимыл-қозғалыстар жасайды. «Балықтар мен торғайлар» ойыны. <b>Шарты:</b> Балалар өздерін балықтар мен торғайлар болып бейнелейді. Музыка қосылған бойда залды айналып балықтар жүзіп, торғайлар ұшып жүреді. Музыка тоқтаған бойда алдын ала дайындалған балықтар суға, торғайлар ағашқа барып отыруы қажет. Бір бала қателесе жалынсыз музыка ойналады. Қателескен бала өз қатесін тауып алуы тиіс. Қызылған балаларға музыка жетекшісі көмектеседі. «Құстар мен автомобиль» ойыны <b>Шарты:</b> Жалынды баяу әуен ойналады, құстар алаңқайда гүлден-гүлге секіріп, ұшып-қонып жүреді. Автомобильдің дауысын естісімен «құстар» өз ұқтарына ұша жөнеледі. Ұсталған «құс» «автомобиль» болып ауысады.	
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Балалау: «Үй шаталақ» әдісі Құстармен ойындар ұнады ма? Алдағы уақытта қандай ойындар ойнағыларың келеді?	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка Желтоқсан айы.**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	Аққала бұл	
<b>Күні:</b> 20.12.2022ж – 27.12.2022ж	2 сағат	
<b>ТОП:</b>	Кіші топ	
<b>Міндеттері</b>	Музыканы тыңдау, дыбысталу ерекшеліктерін ажырата білу. Қарапайым би қимылдарын орындау: қолдың білектерін айналдыру, шапалақтау, аяқты тарсылдату, демелі оңға, солға бұру.	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Көңілді әуенмен балаларды шырына жанында қарсы алады. Шыршаға бақылау жүргізу. «Сұрақ-жауап» әдісі. «Қатырмақ» ойыны. Балалар шеңберге дөңгелек тұрады, жайлы, көңілді әуен ойналады. Балалар қолдарын алға созып, Аяқ атаның сиқырлы тақпағын күтіп тұрады. Аяқ ата тақпағын балалардың қолдарына тиелтуге тырысады. Қолын тақпаққа тиелтіп алған бала ан немесе тақпақ айтып береді.	Аққала киімдері. 
<b>II. Ұйымдастыру</b>	Теледидардан «Аққала»-нін қаратып тыңдатады. Қайырмасы: Бәрімізді біледі, Бізге қарап күледі Бір қалында сытырғыш Бір қалында күрегі. (Музыка жетекшісімен бірге қайталайды.) «Аққала» бұл Бидің сипатына сәйкес мәнері билеуге үйрету, таныс би қимылдарын өз беттерінің билеуге мүмкіндік беру. «Жаңбыр мен көзшектер» ойыны. Шарты: Балалар көзшек кейпінде ортада көңілді әуенге секіріп билеп жүреді күн күркіреп жаңбыр жауған дауыс естілген сәтте жетекші қолн кейпінде еніп көзшектерін өзіне шақырады. Ойын бірнеше рет қайталанады.	  
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Балалау: «Бас бармақ» әдісі Балалар күлгештер суретін таңдау арқылы ҮІӘ туралы өз ойларын білдіреді.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**

**Қаңтар айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>		«Біз көңілді құршақ» әні	
<b>Күні:</b>		2 сағат	
<b>ТОП:</b>	<b>Кіші топ</b>		
<b>Міндеттері</b>	-Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсіну, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуды ажырата білу; -Барабан аспабын қаратайым ырақ соғуда қолдану;		
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>			
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>		<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Музыка жетекшісі балаларға қоңырау үлестіреді. «Қоңырауды соғайық, Үнін естіп алайық», - деп ұсыныс жасайды. «Әлді - алды» ойыны		Қоңыраулар, құршақтар
<b>II. Ұйымдастыру</b>	<b>Шарты:</b> Балалардың барлығы ортада қоңырау жоғары дыбысталса секіріп би-билеп жүреді. Қоңырау төмен дыбысталса олар екі алақандарын біріктіріп жастық етіп отыра қалып ұйқыға енеді.		
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	Музыка тыңдау: «Біз көңілді құршақ», Еспенбетова Аюира. Музыка тыңдауда әннің мағынасын түсінуге көмектесу, қоңыраулардың жоғары және төмен дыбысталуды ажырата білуге баулу. Ән айту. Әнді жетекшісімен бірге қайталау, балаларға ойындық құршақтармен мәтінге сай қимыл-қозғалыс жасауға үйрету. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалар мимикалық қимылдар (жымия, қабақ түю т.б.) жасайды. «Барабан не дейді?» ойыны <b>Шарты:</b> Балалар ортаға үлкен шеңбер ішіне жиналады. Жетекші барабан аспабында ойнайды. Марш екіні ойнағанда балалар марш жасап әрі-бері жүре бастайды, өте шапшаң жеңіл ырақ соғыла бастағанда балалар жеңіл жүгіреді, бір рет қатты соғылғанда қатып қалады. Барабанның соғысы өзгерген сайын «Барабан не дейді?» деген сұрақ қойылып тұрады. Музыкалық – ырақтық қозғалыс ойыны: «Сылдырмақ, бубен және барабан» <b>Шарты:</b> Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді. Бубеннің дауысы естілгенде қол шатапайтанды. Барабан үнін естігенде аяқпен топтадатады. Ойын бірнеше рет қайталану арқылы аспап үндері балалардың есінде сақталады.		
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Бағалау: «Бас бармақ» әдісі Балалар күлестер суретін таңдау арқылы ПӘ туралы өз ойларын білдіреді.		

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка Қаңтар айы.**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	«Аю» әні	
<b>Күні:</b>	2 сағат	
<b>ТОП:</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	Ән айтуда әуенді имитациямен және ырғақты дұрыс жеткізу; -Әртүрлі кейіпкерлердің қимылдарын музыка ырғағымен ойындарда көрсетуге дағдылану (қанатын жайып ұшақан құстар, секірген қояндар, қорбаңдалған қонжықтар).	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	«Жай және жылдам» ән-ойыны Балаларға әннің мәтініне және ырғағына байланысты «жай» және «тез» шапалақтап, аяқтарын топылдату қимылдарын қайталау. Балаларға жеке сөздерге қосылып, әндете айтуды ұсынады.	Сылдырмақтар, Жабайы аңдардың суреті.
<b>II. Ұйымдастыру</b>		
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	Музыка тыңдау: «Аю» әні (SALEM TAI-TAI) Ән айту: «Аю» әні (SALEM TAI-TAI) Әнді жетекшімен бірге қайталау, мәтінге сай қиын-қозғалыс жасау. Әннің ауыспалы сипатына байланысты балалар мимикалық қимылдар (жымшиқ, қабақ тую т.б.) жасайды. «Аюды аяту» ойыны Балалар сылдырмақ аспабын ұстап алып шеңбер бойымен айналып жүреді Бір топ болған баламыз, Орманға біз барамыз, Аюды аятып Сылдырмақты соламыз Тайғарты айтып болып бір бұришта ұйықтап жатқан аюла жақындап сылдырмақтарын қатты сола бастайды, аю аянып ұйқысын ашу үшін балалардан бірге ән айтуларын немес би билеулерін өтінеді. Музыкалық – ырғақтық қозғалыс ойыны: «Олар қалай жүреді?» Шарты: Балалар музыка ырғағымен шеңбер құрып жүреді. Жетекші аюдың суретін көрсетсе аюдың жүрісін, қоянды көрсетсе қоянның жүрісін, түлкіні көрсетсе түлкінің жүрісін салып жүреді. Жетекші бірте-бірте әуен ырғағына жылдамдық қосып отырады	
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Балалау: «Бас бармақ» әдісі Балалар күлешітер суретін таңдау арқылы ПӘ туралы өз ойларын білдіреді.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған Іс-әрекет циклограммасы**  
**Ұйымдастырылған Іс-әрекеті: Музыка** **Ақпан айы.**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>		Фортепиано және сырнай аспабы
<b>Күні:</b>		2 сағат
<b>ТОП:</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	- Музыка тыңдауда фортепиано аспабының дыбысталуын ажырата білу; - Сырнай аспабымен және дыбысталуымен танысу, аспаптың үнін таңу;	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс асерлі көңіл күй орнату</b>	Көңілді тағыс әуен екпінімен шеңбер бойымен жүру, жүзгіру, жеңіл секіру, қол ұстасып айналу қимылдарын жасау	
<b>II. Ұйымдастыру</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қыпшақ берсе біздерге» Медеу Арынбаев</p> <p>Музыка тыңдауда фортепиано аспабының дыбысталуын ажырата білуге үйрету.</p> <p>«Көңілді оркестр» (Муканова Сайра Жундыбайқылы)</p> <p>Сырнай аспабымен және дыбысталуымен танысу, аспаптың үнін таңуға үйрету.</p> <p>Сырнай аспабын балаларға көрсетіп мәлімет беру.</p> <p><b>Музыкалық- ырлақтық қозғалыс ойыны:</b> «Жемістер мен көкөністер»</p> <p><b>Шарты:</b> Музыка жетекшісі фортепиано аспабында ойнайды, жемістер мен көкөністердің бет пердесін киген балалар шеңбер бойымен билеп жүреді. Фортепиано аспабының әуені тоқталғанда жемістер, көкөністер болып екі топқа бөлініп тұра қалады.</p> <p>«Түсті шашпақпен би»</p> <p>Жетекшінің көрсетуімен би қайталанады. Шашпақтарды дұрыс ұстап, би қимылдарын еске түсіріп, әуен ырлығымен билеуге үйрету.</p> <p>«Қар астындағы қымықтар» ойыны</p> <p>Мысалы: музыка залына бала санына қарай қатты картоннан қыылған қар кесектері тасталынады. Балалар әуен ырлығымен қардан-қарға секіріп ойнап жүреді. Әуен тоқталғанда қай қардың үстінде тоқтайды сол қарды алып артында жасырынған аспап суретін атауы қажет.</p>	жемістер мен көкөністердің бет пердесі, шашпақтар
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Балалар: «Үш шапалақ» әдісі Балалар күзегештер суретін таңдау арқылы ҮІӘ туралы өз ойларын білдіреді.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**

**Ақпан айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	<i>«Ақ қоян» әні</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>ТОП:</b>	<i>Кіші топ</i>	
<b>Міндеттері</b>	<p><i>-Ән айтуда ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып орындауға ынталандыру;</i>  <i>-Музыкалық-ырғақты қимылдар арқылы қарапайым ойындар мен әндерді сахналау.</i></p>	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	<p><i>Көңілді әуен ойнатып, балаларды көңілді қарсы алу.</i>  <i>Ұлтаспада пойыз дауысы естіледі. Пойызға біз барайық, Вагоннан орын алайық – деп «вагондарға» – тізбектелген орындарға жайласып отыру.</i>  <i>Ал паровоз бастайды,</i>  <i>Пыш-пыш, пух-пух,</i>  <i>Ән айтып біз қостайық. Әуен аяқталысымен балалар «көңілді пойыздан» түсіп, қысқы орманда «қыдырады». «Орманда» жүріп, «қар үйімдісіміз» жанымда тығылтып отырған қоянға кездеседі. Музыка жетекшісі ойынның қоянды көріп, таңғалған кейіл танытады. – Балалар, қараңдаршы, мынау тығылтып отырған аңды танысыңдар ма?</i>  <i>Ақ қоян-ау, ақ қоян,</i>  <i>Ұзын құлақ сақ қоян,</i>  <i>Ақ қоян-ау, ақ қоян,</i>  <i>Жүйрік қоян, сақ қоян.</i></p>	<p><i>ҮІӘ-ге қажетті әуендер жиыны.</i>  <i>Алдын-ала дайындалған қысқы орман</i></p>
<b>II. Ұйымдастыру</b> <b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><i>– Балалар, ақ қоянмен бірге секіріп, көңіл көтерейік, – деп ұсыныс айтады.</i>  <i>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Қояндар бы» жетекшісі балаларға әуенге ілесе өз еріктерінің қимыл-қозғалыстар жасауды, жеңіл секіруді ұсынады.</i>  <i>Музыка тыңдау: «Ақ қоян» (Зерек батақан), әуенді тыңдап, сипатына көңіл аудару. Көңілді, ойнақы әуенге эмоциялық көңіл күй танытуларын қадағалау.</i>  <i>Ән айту: «Ақ қоян» әні</i>  <i>Балалардың мәтінге сай қимылдарды көрсетуін сұрайды. Ән айтуда ересектің дауыс интонациясымен аспапқа бейімделе отырып орындауға ынталандыру;</i></p>	
<b>IV. Рефлексия</b>	<i>Бағалау: «Үй шапалақ»</i>	



**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**

**Наурыз айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>		«Ақ маман» әні
<b>Күні:</b>		2 сағат
<b>ТОП</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	- Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық иллюстрациямен сүйемелденетін әңгімелерге қызықтыру; - Қазақ халқының ұлттық аспабы асатаяқтың дыбысталудымен танысу, үнін тану, қарапайым ырғақ соғуда қолдану;	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Саз бөлмесінде балаларды көңіледі музыка әуенімен қарсы алады. Анасы мен баласы бейнеленген көрнекілік суреттер көрсету, әңгімелеу. Анашым, анам, Тіліңді алам.	Асатаяқ аспабы, құрсаулар, сылдырмақтар.
<b>II. Ұйымдастыру</b>	Өскенде ертең. Қорғаның балам! (музыка жетекшісімен бірге қайталау)	
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Ақ маман» (Ф. Оңғарсынова, А. Асанов)</p> <p>Әнді тыңдап, нәзік, сабырлы сипатты сезінеді. Анала деген сүйіспеншілік сезімдері туралы әңгімелеу.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Ақ маман» (Ф. Оңғарсынова, А. Асанов)</p> <p>Әнді орындап беріп, мәтіні туралы түсіндіру. Ән орындалғанда әнінің әуеніне қосылып ересек балалармен бірге айтуға үйрету.</p> <p>Қазақ халқының ұлттық аспабы асатаяқты балаларға көрсету, ұстату. Алаштан жасалған аспап, бетінде кішкентай қоңыраулар болады. Бұл аспап сілкіп айналатын аспап, қане, балалар аспапты сілкіп дыбысын тыңдап көрейік. (үнін тыңдатады)</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Асатаяқ биі»</p> <p>Асатаяқ аспабын ұстап шеңбер бойымен тұру, тербелу, бір орында айналу, шеңбердің ортасына жиналу, кейін қарай шегініп, шеңберді үлкейту. Қарапайым би элементтерін қайталау.</p> <p>«Кім шапшаң?» ойыны</p> <p>Ойынға құрсаулар және сылдырмақтар қолданылады. Әуеннің басталуы мен аяқталуын тыңдай білуге, шапшаңдыққа үйретуді жалғастыру</p>	Анасы мен баласы бейнеленген көрнекілік суреттер
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**  
**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка Наурыз айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	Бесік жыры	
<b>Күні:</b>	2 сағат	
<b>ТОП</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	-Ән айтуда әннің қайталанатын сөздерін, музыкалық сөз тіркестерінің соңын бірге айтуға ынталандыру; -Музыкалық-ырғақты қимылдарды аспаптармен (бүбенмен, сылдырмақпен, маракаспен) орындау дағдысын дамыту.	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Үнтаспада күй (жетекшінің таңдауымен) ойналып, балалар көңілді кіреді. <b>Ғажайып сәт:</b> Орман «әже» келеді, амандасады. Балалар әженің айталасына дөңгелем отырады. Бесікке сазу дәстүрін көрсетуді ұсынады. Әже бесіктің пайдасы туралы аңгімелейді. Қуыршақты бесікке жатқызады, бесікке бәлеуді көрсетеді.	Бесік жабдықтары. Бүбен, сылдырмақ, маракас
<b>II. Ұйымдастыру</b>		
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<b>Музыка тыңдау:</b> «Бесік жыры» (Ж. Байырбекова) Ақырын дауыста бесік жыры орындалады, әже бесікті тербетеді. Балалардан тыныштық сақтауын ескертеді. Сабырлы әуенді тыңдап, сипатын ажыратуға баулу. <b>Ән айту:</b> «Бесік жыры» (Ж. Байырбекова) Музыка жетекшісі әнді айтып береді. Балаларға алдымен мәтінді қайталанатын әуенмен бірге музыка жетекшісімен қосылып айтуды үйретеді. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Бүбен, сылдырмақ, маракас» <b>Шарты:</b> Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді. Бүбеннің дауысы естілгенде қол шатақтайды. Маракас үні естілгенде аяқпен топылдатады. Ойын бірнеше рет қайталану арқылы аспап үндері балалардың есінде сақталады. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Бүбен, сылдырмақпен би» Тағы би қимылдарын үйренуді жалғастыру, қайталау. Би ырғағына сай қозғалуға үйрету. <b>«Әлди, әлди» ойыны</b> <b>Шарты:</b> Балалардың барлығы ортада көңілді әуенге би-билеп жүреді. Әуен баяу әуенге ауысқан сәтте олар екі алақандарын біріктіріп жастық етіп отыра қалып әуен ауысқанша ұйқыға енеді.	
<b>IV. Рефлексия</b>	Балаларды мадақтайды. Бүгінгі ұйымдастырылған іс-әрекетте оларға не ұнағанын, не қызықты болғанын айтуды ұсынады.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**

**Сәуір айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	<i>Көңілді достар</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>ТОП</b>	<i>Кіші топ</i>	
<b>Міндеттері</b>	<p>-Музыка тыңдауда кейіпкерді иллюстрациялар, әңгімелер бойынша таңу және музыканы есте сақтау;</p> <p>-Таныс аспаптарды ойын әрекетінде қолдану.</p>	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	<i>Көңілді музыка әуенімен балаларды қарсы алу. Шеңбер бойымен жеңіл әуенге ілесіп аяқтың ұшымен жүргізуді, бір арында секіру.</i>	
<b>II. Ұйымдастыру</b>	<i>Балаларға отырып демалуды ұсынып, ән тыңдауға шақырады.</i>	<i>Кейіпкер туралы иллюстрациялар. Барабан, сылдырмақ.</i>
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	<p><i>Музыка тыңдау: «Не қалай дыбыстайды?»</i></p> <p><i>Жабайы аңдар туралы түсінік беру.</i></p> <p><i>Ән айту: «Аңдардың дауысы» Topqhai- TV</i></p> <p><i>Аңдардың дауысын бірге қайталау, мәтіні туралы әңгімелеу. Екінші ретінде әннің әуеніне қосылып, сөздерін таза айтуға үйрету. Келесі ҮІӘ-ге таныс әндерді қайталау. «Ақ қоян»</i></p> <p><i>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Балдырғандар маршы»</i></p> <p><i>Аяқтарын нық баса, тізелерін көтере шеңбер бойымен адымдай жүруге үйрету.</i></p> <p><i>Ортаға ойыншық аяқты ұстап, музыка жетекшісі шығады.</i></p> <p><i>Мен аюмын қорбаңбай,</i></p> <p><i>Қымылдаймын қорбаңдай.</i></p> <p><i>Омартаны көрсенде,</i></p> <p><i>Бас қоямын ойланбай</i></p> <p><i>Аю: Сәлеметсіңдер ме, балалар?! Балалар амандасады.</i></p> <p><i>Аю: Мен өз достарымды шақырайын! (Барабан соғады). Балаларға барабан аспаптары таратылып беріледі.</i></p> <p><i>Қоян (шығып): Сәлем, достар! Мен сендерге қонаққа келдім.</i></p> <p><i>Ұтын құлақ сұр қоян</i></p> <p><i>Естіп қалып сыбырды,</i></p> <p><i>Ойлы-қырты жерлермен</i></p> <p><i>Ытықп-ытқып жүргізді.</i></p> <p><i>Аю балаларға барабанды тағы соғып, ойнауды ұсынады. Көңілді әуен ойналып, ортаға түлкі</i></p>	

	<p>шығады.</p> <p><i>Түпкі: Мен ерлу түлкімін, Жай өтпес бір күнім, Ишінде жүремің Айдай-шұ, күлкінің! -Достар, бәріміз көңіледі ойын ойнайық! «Қолдар мен аяқ» ойыны</i></p> <p><i>Әуенге сай жануарлардың қимылын көрсетуді, шатианы қимылдауды үйретуді жалғастыру. Балалардың ойында белсене қатысуын бақылау.</i></p>	
<p><b>IV. Рефлексия</b></p>	<p><i>– Ертегі кейіпкерлерінің жүрісі қандай екен? – Барабанның дауысы қалай шығады? – Сылдырмақтың дауысы қандай? Сұрақтар қою арқылы ҰТД тысырпау. – Балалар, аяққа өте көңілді болды, рақмет. Аяқпен қимталасыз, шығарып салайық.</i></p>	

*Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы*

*Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка*

*Сәуір айы*

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>		«Құс болып ұшамыз»
<b>Күні:</b>		2 сағат
<b>ТОП</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	-Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту; -Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету дағдыларын дамыту.	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Балаларды қарсы алып, көңілді серуенге шақырады, таныс әуен ырғағымен марш ілесе адымдап, нық басып жүруді ұсынады. <i>Біз адымдап жүреміз! Бір, екі, үш!</i>	Құстардың суреттері, Гүл ақпабы, торғай, балықтар бетперделері
<b>II. Ұйымдастыру</b>	<i>Серуендеп келеміз! Бір, екі, үш! Балалардың қосылуын сұрайды.</i>	
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>	Суреттер көрсетіліп, көктем мезгілі туралы әңгімелеу. – Балалар, қараңдаршы, қандай әдемі гүлдер! Балалардың назарын алдын ала дайындалған гүлдерге аударады. <i>Көктем қандай тамаша! Алуан гүлдер тұр тұнып, Демалайық отырып, – деп, демалып отырады.</i> <b>Музыка тыңдау:</b> Үнтаспадан құстардың дауысын тыңдау. – Балалар, дауысты естіп тұрсыңдар ма? – Құстар қалай дыбыстайды екен? – Қандай құстарды білесіңдер? (Құстардың суретін көрсету). – Құстар қалай ұшады? <b>Ән айту:</b> «Құстар» әні. Тапсире. Музыка жетекшісі әнді күй сандықта орындап береді. Ән айтуда аспаптың сүйемелдеуіне бейімделу, аспапты есту. Әнді екінші рет орындағанда балаларға музыка жетекшісі мәтінге сай қимылдарды көрсетеді. <b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Балықтар мен торғайлар» <b>Шарты:</b> Балалар өздерін балықтар мен торғайлар болып бейімлейді. Музыка қосылған бойда заңды аймалып балықтар жүзін, торғайлар ұшып жүреді. Музыка тоқтаған бойда алдын ала дайындалған балықтар суға, торғайлар ағашқа барып отыруы қажет. Бір бала қателесе жоғалыңыз музыка ойналады. Қателескен бала өз қатесін тауып алуы тиіс.	
<b>IV. Рефлексия</b>	– Құстар қалай әндетеді екен? – Гүлдер қандай түсті? – Көктем мезгілі қандай? «Үш шапалақ» әдісі.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**

**Мамыр айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	<i>Көңілді аспаптар</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>Топ</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	-Музыка тыңдауда әртүрлі музыкалық аспаптарда орындалған таныс әуендерді таны білу; -Музыкалық аспаптарды есте сақтау, атау ( <i>сылдырмақ, барабан, бубен, асатмақ, сырнай</i> )	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	Үнтаспада көңілді ән (жетекшінің таңдауымен) орындалып, балалар залға көтеріңкі көңіл күймен кіреді. Балаларды көңілді серуенге шақырып, қол ұстасып жүрулерін сұрайды. Қол ұстасып, зал ішінде еркін жүрулерін қадалайды	
<b>II. Ұйымдастыру</b>	Әуен аяқталысымен залдың ортасына белендірілген қорал әкелініп, балалардың көңілін аударады. – <i>Мынау әдемі қоралта не бар екен? Келіңдер, бірге ашып көрейік, – деп балалардың қызығушылығын арттырады. Педагог қоралтан балаларға таныс аспаптарды алып көрсетеді. Балалардың қалауыныша таныс әндерді еске түсіру, қайталау.</i> Музыка жетекшісі таныс әндерден біреуін алып аспаптардың көмегімен айтып береді, балаларды өзімен бірге қайталануға баулиды. «Сықырлы текше» ойыны Шарты: Көңілді әуен ойналады. Жетекші және балалар шеңберге тұрады. Текшені бір біріне беріп, тақпақ айтады. – Біз көңілді баламыз, – Әсем әнге саламыз. – Ойын ойнап бастаймыз, – Қымдықтың қашпаймыз. Қай баламың қолында текше қалып қойса, сол бала текшені ортаға лақтырады. Жетекші текшеде қандай аспап екенін балалардан сұрайды. Егер текшеде барабан аспабының суреті болса, ол бала барабан аспабына қалай ойнау керекін көрсетуі тиіс. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар: «Асатмақ» биі Жетекшінің көрсетуімен әуенмен бірге ырғақты сезіне, би қозғалыстарының қарпайым элементтерін үйретуді жалғастыру.	Сылдырмақ, барабан, бубен, асатмақ, сырнай
<b>III. Тақырып бойынша жұмыс</b>		
<b>IV. Рефлексия</b>	Смайликтер арқылы бағалау. Балаларды мақтау.	

**Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет циклограммасы**

**Ұйымдастырылған іс-әрекет: Музыка**

**Мамыр айы**

<b>Ұйымдастырылған іс-әрекет тақырыбы:</b>	<i>Қошақаным қайда екен?</i>	
<b>Күні:</b>	<i>2 сағат</i>	
<b>ТОП</b>	<b>Кіші топ</b>	
<b>Міндеттері</b>	<p>-Ән айтуда әннің сөзін, сөз тіркестерін ересекпен бірге орындап, интонациясын еліктеу орындау, астыңға бейімделуін бекіту;</p> <p>-Сюжетті музыкалық ойындарда музыканың сипатына сәйкес кейіпкерлердің қимылдарын көрсету арқылы ойынның бір эпизодынан келесіге өту және қимылдарды бере біту.</p>	
<b>Ұйымдастырылған іс-әрекеттің өтілу барысы</b>		
<b>Жоспарланған уақыт</b>	<b>Жоспарланған іс-әрекет</b>	<b>Ресурстар</b>
<b>I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату</b>	<p>Сал бөлмесінде балаларды көңілді қарсы алу.</p> <p><b>Ойын-жаттығу:</b> «Ненің дауысы?»</p> <p>Аудиотаспадан үй жануарларының дауысы естіледі, балалар бұл дауыс нелердің дауысы екенін табуы керек. Алдын-ала дайындалған жайлау бұрышындағы үй жануарларымен таныстыру.</p> <p>Сұрақ-жауап.</p>	Аудиотаспадан үй жануарларының дауысы.
<b>II. Ұйымдастыру</b>	<p><b>Музыка тыңдау:</b> «Қошақаным қайда екен?». <i>Валера TV</i></p> <p>Әуенді мұқият тыңдау, Әлі мен Айымның қимылын жасап әуенді бірге қайталау.</p> <p><b>Ән айту:</b> «Қошақаным қайда екен?» Музыка жетекшісі домбыра аспабымен әнді айтып береді. Ересек тобымен бірге қайталап айтады.</p> <p><b>Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар:</b> «Төліп тап»</p> <p><b>Шарты:</b> Балалардың басында үй жануарларының бетперделері, балалар музыка әуенімен бізбен жүреді, әуен тоқтағанда анасы тиідерін тауып тұра қалу керек.</p> <p><b>Мысаты:</b> сымар бұзауымен, түйе ботасымен.</p> <p><b>«Аюды аяту» ойыны</b></p> <p><b>Шарты:</b> Балалар сылдырмақ аспабын ұстап алып шеңбер бойымен айналып жүреді.</p> <p>Бір топ болған баламыз, Орманға біз барамыз, Аюды аятып Сылдырмақты соғамыз. Таңрақты айтып балып бір бұрышта ұйықтап жатқан аюла жақындап сылдырмақтарын қатты соға бастайды, аю аянып ұйқысын ашу үшін балалардан бірге ән айтуларын немесе би билеулерін өтінеді.</p>	алдын-ала дайындалып жасалған жайлау, үй жануарлары
<b>IV. Рефлексия</b>	Балалардың көңіл-күйін сұрау. «Үй шалалақ» әдісі арқылы бағалау.	